

«Бекітемін»  
Ақтөбе облысы білім басқармасының басшысы

Б.Б.Күзембаева  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2025 жыл



**Ақтөбе облысы бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің  
сапалық құрамын арттыру  
ЖОСПАРЫ**

Ақтөбе облысы, 2025 ж

## Ақтөбе облысында 2025-2028 жж мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің сапалық құрамын арттыру бойынша жоспар

**Мақсаты:** Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру арқылы тәрбиелеу мен оқыту сапасын жақсарту, заманауи білім беру талаптарына сәйкес педагогтердің жоғары сапалық құрамын қалыптастыру.

### Міндеттері:

- **Педагогтердің үздіксіз білім алу жүйесін жолға қою**  
Педагогтің заманауи білім беру талаптарына сәйкес білімі мен дағдыларын тұрақты түрде жетілдіру. Үздіксіз кәсіби дамыту арқылы педагогтің білім беру процесінде тиімді, жаңашыл, креативті жұмыс істеуіне мүмкіндік беру және балаларға сапалы тәрбие мен білім беруді қамтамасыз ету.
- **Педагогтердің шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту**  
Педагогтің жаңашыл ойлауын, шығармашылық қабілетін арттыру және білім беру үдерісін жетілдіру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту.
- **Менторлық және тәжірибе алмасу жүйесін енгізу**
- Педагогтердің кәсіби өсуін жеделдету, білім мен дағдыларды тиімді жетілдіруге бағыттау.
- **Педагогтердің психологиялық және эмоционалдық тұрақтылығын қолдау**  
Олардың жұмыс барысында психологиялық күйзеліс пен эмоционалдық шаршауды азайтуға, кәсіби тиімділігін арттыруға бағыттау.
- **Әр педагогтің жеке кәсіби даму картасын әзірлеу және іске асыру**  
Педагогтің кәсіби деңгейін, қажеттіліктерін, даму бағытын ескере отырып, жеке кәсіби даму картасын әзірлеу және оны жүйелі түрде іске асыру арқылы кәсіби құзыреттілігін арттыруға жағдай жасау.
- **Тәжірибе алмасу алаңдарын ұйымдастыру (коучинг, шеберлік сағаттары, семинарлар)**  
Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға, жаңа әдістемелермен танысуға және тәжірибе бөлісуге арналған тиімді орта қалыптастыру.

## Кезеңдері

### 1-кезең 2025-2026 жж 10–15% көтеру

Педагог-модератор: 8%

Педагог-сарапшы: 5%

Педагог-зерттеуші: 2%

Педагог-шебер: 0,01%

### 2-кезең 2026-2027 жж 15–20% көтеру

Педагог-модератор: 6%

Педагог-сарапшы: 9%

Педагог-зерттеуші: 5%

Педагог-шебер: 0,02%

### 3-кезең 2027-2028 жж 20–25% көтеру

Педагог-модератор: 5%

Педагог-сарапшы: 12%

Педагог-зерттеуші: 8%

Педагог-шебер: 0,04%

## Іске асыру индикаторлары:

- аттестациядан өтетін педагогтердің кәсіби даму картасын әзірлеу
- түсіндірме жұмыстарын жүргізу
- біліктілік арттыру курстарын өткізу (2026 жылы – 595 педагог, 2027 жылы -510 педагог, 2028 жылы 550 педагог)
- педагогтердің сапалық құрамы арттыруға бағытталған шаралар өткізу, қатысу үлесін 70% жеткізу
  - 1) семинар, семинар-практикум
  - 2) курс
  - 3) шеберхана
  - 4) байқаулар, олимпиада, конференциялар
- 2025-2028 жылдар аралығында біліктілік санатын алатын педагогтердің үлесін — 10%-дан 25%-ға көтеру

### **Стейкхолдерлер:**

- Балаларды ерте дамыту институты
- «Өрлеу» БАҰО
- Педагогикалық шеберлік орталығы (ПШО)

### **Күтілетін нәтижелер:**

- Педагогтердің кәсіби құзыреттілігі жоғарылайды;
- Оқыту мен тәрбиелеу сапасы артады;
- Инновациялық әдістерді қолданатын педагогтердің үлесі ұлғаяды;
- Тәжірибе алмасу мәдениеті қалыптасады;
- Педагогтердің аттестациядан өту деңгейі мен сапасы жақсарады.
- Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің сапалық құрамы 10 - 15% артады;

№	Шара атауы	Аяқталу нысаны	Уақыты	Жауапты
<b>1. Ұйымдастыру кезеңі (шаралар)</b> <b>Жоспарлау және педагогтерді ақпараттандыру</b>				
1.	<b>Облыстағы мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің сапалық құрамының талдауы</b> <i>Жалпы МДҰ саны – 635</i> <i>Педагог саны – 3677</i> <b>Білімі:</b> <i>Жоғары білімді - 2091</i> <i>Арнаулы орта білімді - 1586</i> <b>Санаты:</b> <i>Педагог-модератор-1712</i> <i>Педагог-сарапшы-507</i> <i>Педагог-зерттеуші-158</i> <i>Педагог-шебер-0</i> <i>Сапалық құрам – 18,09%</i>	талдау, анықтама	қазан	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы, аудандық, қалалық білім бөлімдері
2.	<b>«Мектепке дейінгі білім беру ұйымының көшбасшылары»</b> облыстық жобасының тұжырымдамасын дайындау	Тұжырымдама	Қазан	АОӘО
3.	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің сапалық құрамын арттыруға арналған жоспар дайындау	Жоспар	Қазан	АОӘО
4.	МДҰ педагогтерінің сапалық құрамын арттыруға бағытталған <b>«Кәсіби даму картасын»</b> әзірлеу	Даму картасы	Қараша	АОӘО
5.	Аттестациядан өтетін педагогтердің сапалық құрамының үлесін оқу жылы бойынша арттыру 2025-2026 оқу жылы -10-15% 2026-2027 оқу жылы – 15-20% 2027-2028 оқу жылы – 20-25%	талдау	қазан	АОӘО

6.	Мектепке дейінгі ұйымдар арасында әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету мақсатында көшпелі мобильді топтардың жұмысын ұйымдастыру	Мобильді топ құру	қараша	АОӘО, АББ, ҚББ
7.	Педагогтердің кәсіби даму қажеттіліктерін анықтау	сауалнама	қараша	АББ, ҚББ
8.	ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарымен» таныстыру	Түсіндіру жұмыстары	қараша	АОӘО, АББ, ҚББ
9.	Мектепке дейінгі ұйымға қабылданған жас мамандарға тәлімгер бекіту	Бұйрық	тоқсан сайын	АББ, ҚББ
10.	20-30 жыл еңбек өтілі бар педагог-модераторларға жауапты менторларды бекіту	Бұйрық	қараша	АББ, ҚББ
11.	<b>«Мектепке дейінгі білім беру ұйымының көшбасшылары»</b> облыстық жобасына жауапты мамандарды бекіту	Бұйрық	қараша	АОӘО, АББ, ҚББ
12.	2025-2028 жылдар аралығында аттестациядан өтетін педагогтердің тізімін жасақтау	Деректер базасы	қараша	АОӘО
13.	Облыс бойынша педагогтердің «Кәсіби даму картасы» бойынша мониторинг жүргізу	мониторинг жүргізу	үнемі	АОӘО АББ, ҚББ
<b>2. Іске асыру кезеңі</b>				
<b>Педагогтің кәсіби құжаттарын дайындауға әдістемелік қолдау</b>				
14.	Педагогтердің кәсіби дамуына құжаттарын әзірлеуге әдістемелік қолдау көрсету	семинар	үнемі	АОӘО
15.	«Аттестация талаптарына сәйкес портфолио құжаттарын жүйелеу» (аттестациядан өтетін педагогтердің портфолиосын қалыптастыру жолдары)	семинар	тоқсан сайын	АОӘО

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• педагог-шебер</li> <li>• педагог-зерттеуші</li> <li>• педагог-сарапшы</li> <li>• педагог-модератор</li> </ul> <p>санаттарын алу үшін құжаттарды талапқа сай толтыру жолдарын түсіндіру</p>			
16.	«Ұстаз» платформасын жүйелі толтыруға үздіксіз әдістемелік қолдау	Семинар практикум	үнемі	АОӘО
17.	«Аттестатталушы педагогтің әдістемелік жұмысының панорамасы»	облыстық 3 күндік семинар-практикум	Жыл сайын (сәуір)	АОӘО
18.	<p><b>Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру және білім беру сапасын көтеру барысында өз іс-тәжірибесімен бөлісу</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• «Мен елімді сүйемін» облыстық шығармашылық шеберхана</li> <li>• «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» облыстық шеберхана</li> </ul>	Шығармашылық шеберхана	Жыл бойы (4 отырыс)	АОӘО
19.	<p>Мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған кәсіби байқаулар, семинарлар, конференциялар, пәндік олимпиадалар, біліктілік арттыру курстарын ұйымдастыру</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• «Үздік ұйымдастырылған іс-әрекет»</li> <li>• «Мен заманауи тәрбиешімін»</li> <li>• «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері»</li> <li>• «Менің үздік тобым»</li> <li>• «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі»</li> <li>• «Ардақты әкелер, асыл әжелер, аяулы аналар» бейнероликтер байқауы</li> </ul>	Байқаулар	Жыл бойы (жылдық жоспарға сәйкес)	АОӘО АББ, ҚББ

20.	<p><b>«Шеберлік шыңы» іс-тәжірибе тарату шаралары</b></p> <p>-зерттеуші педагогтердің озық тәжірибесін тарату;</p> <p>-озық тәжірибелермен танысу, шеберлік сағаттарын ұйымдастыру</p>	Шеберлік сыныптар	желтоқсан	АОӘО АББ, ҚББ
21.	Заманауи жаңа технологиялардың әдіс-тәсілдерін игеру мақсатында «STEM» элементтерін мектепке дейінгі білім беру үрдісіне енгізу	TEDTalk стилінде	мамыр	АОӘО
22.	«Іс-тәжірибе арқылы өсу жолы» санатқа үміткерлер арасында ашық ұйымдастырылған іс-әрекет өткізу және тәжірибе алмасу	Квест-семинар	Жыл бойы	АОӘО АББ, ҚББ
23.	Республикалық байқау жеңімпаздарының іс-тәжірибелерін облыс көлемінде насихаттау	Семинар практикум	ақпан	АОӘО
24.	<p>«Үздік педагог» байқауының ережелерімен таныстыру</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• «Үздік педагог» байқауына қатысатын педагогтердің тізімін жасақтау</li> <li>• Әдістемелік қолдау көрсету</li> </ul>	Оқыту семинары (талдау)	үнемі	АОӘО
25.	«Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту бойынша Үздік авторлық бағдарлама» облыстық байқау	Облыстық байқау	сәуір	АОӘО
26.	Облыстық әдістемелік орталықтың сайтында үздік авторлық бағдарламалардың, әдістемелік құралдар мен ұсынымдардың, педагогтер жинағының электрондық базасын құру	Электронды базаны құру	Жыл бойы	АОӘО
27.	Педагогтің кәсіби білімін бағалау жүйесі: мазмұны мен тиімді тәсілдері	Оқыту семинары	үнемі	АОӘО

28.	Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық әдістер мен технологиялар	Облыстық ғылыми-әдістемелік конференция	сәуір	АОӘО
29.	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің озық тәжірибелерін облыс, республика көлемінде тарату	Тәжірибе тарату	сәуір	АОӘО АББ, ҚББ
30.	Инновациялық жобалар сабақтастығы: «ІТ-балабақша» және «Жасыл балабақша» тәжірибесі	EduForum – білім беру саласындағы жаңа бағыттарды талқылау	мамыр	АОӘО АББ, ҚББ
31.	Облыс тәрбиешілері үшін ҚР Үздік мектепке дейінгі ұйымдарында тағылымдама мен тәжірибе алмасуды ұйымдастыру Тағылымдама алаңдары білім басқармасы келісімімен 2026 жыл – 25 педагог 2027 жыл – 30 педагог 2028 жыл – 35 апедагог	Тағылымдама	Жыл бойы	АОӘО АББ, ҚББ
<b>3. Бағалау және талдау кезеңі</b>				
<b>Қорытынды</b>				
32.	Аудандық, қалалық білім бөлімдерінен 2025-2026 жж, 2026-2027 жж, 2027-2028 оқу жылы бойынша педагогтердің сапасын арттыру үшін атқарылған жұмыстар ақпараты	Жылдық есебі	маусым	АОӘО
33.	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілік арттыру курстарына қатысу динамикасына талдау	Талдау	Маусым	АОӘО АББ, ҚББ
34.	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің озық іс-тәжірибесін тарату көрсеткіші	Талдау	Маусым	АББ, ҚББ
35.	Педагогтердің облыстық, республикалық шараларға қатысымы	Талдау	Маусым	/ АОӘО АББ, ҚББ

36.	Педагогтердің облыс бойынша сапалық құрамына мониторинг	Мониторинг	маусым	АОӘО АББ, ҚББ
-----	---	------------	--------	------------------

**Қысқартулар:** АОӘО – Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы  
ҚББ – Қалалық білім бөлімі  
АББ – Аудандық білім бөлімі

